

ӘОЖ 81'25

Р.С. Кожабекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: Live_Warda@yahoo.com

Араб тіліндегі поэзиялық шығармаларды аудару мәселелері

Аңдатпа. Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде халықаралық қарым-қатынастар жүйесінің жаңа деңгейіне ауысуымен, екіншіден, жаһандану үдерісінің бүкіл әлемді қамтыған ауқымына орай аударманың біздің өмірімізде алар орны алдағы кезеңде айрықша арта түседі. Араб поэзиясын қазақ тіліне аударудың арғы-бергідегі жүріп өткен жолын, бел-белестерін, ізденістері мен іркілістерін саралау – ұлттың көркемдік ойының бүгінгі биігін бағамдаудың, алда алар асуларын белгілеудің бір жолы.

Түйін сөздер: Араб поэзиясы, поэзиялық шығармаларды аудару, көркем аударма.

Аударманың адам қызметінің ең көне түрі екені даусыз. Әуел бастан аударма тілі басқа адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауына мүмкіндік тудырып, аса маңызды әлеуметтік қызмет атқарды. Жазбаша аударманың таралуы басқа халықтар мәдениетімен танысуға жол ашып, әдебиеттер мен мәдениеттердің араласып, баюына жағдай жасады. Шетел тілін білу шығарманың түпнұсқасын сол тілде оқуға негіз болады, алайда аз дегенде бір шетел тілін үйрену әркімнің қолынан келмейді, ал бір адамның әдеби туындыларды шет тілдердің барлығында бірдей оқуы мүмкін емес. Рудаки мен Омар Хаямның, Шекспир мен Гетенің, Толстой мен Достоевскийдің, Абай мен Шәкәрімнің шығармалары аударманың арқасында ғана адамзаттың игілігіне айналды.

Қазіргі заманғы аударма теориясында жеке теория ретінде көркем аударма өте маңызды орын алады, оның ішінде поэзия аудармасын ерекше атап өтуге болады. Көркем аударманың бұл түрін аударма саласында түпнұсқамен қатар қойып, жеке әдеби шығарма түрінде қарастыруға болады.

«Нағыз поэзияны аудару қиын. Оның қиындығы ақыр аяғына дейін ашылмайтын құпиясында. Аударма өнерінің түпкі мәні түпнұсқаның аударуға көнбейтіндігін түсінуде,

мұның кілті ақынның метафорасы тілінде жатады. Алайда аударма лингвистиканың емес, әдебиеттанудың айналысатын мәселесі, өйткені поэзияда авторлық ой поэтикалық бейнелер арқылы кестеленеді» [1, 217-б.].

Поэзия тілі көркем шығарманың идеялық мазмұнын ашу, жеткізу талабына сай қалыптасатындықтан, өлеңге көркемдік сипат дарытып, қуат беретін әсерлі сөз-бейнені дұрыс қолдана білу ақынның ой-сезім тереңдігін танытатын шеберлігіне байланысты. Осы тұрғыдан алып қарағанда, поэзия – көркемдік шеберліктің озық түрі, сөз өнерінің өзгеше бір өрнегі. Поэзиядағы сөз суреттілігі мен бейнелілігі өмір шындығынан алынып, соған жалғасып туады. Сөз қолдану шеберлігі өмір құбылыстарын танып-білу, ұғып-түсіну қабілетімен, көркем ой-сезім қуаттылығымен тамырласып, қабысып жатпақ.

Әдебиеттану тұжырымдамасын ұсынған М. Қаратаев: «Әуезов аударма теориясында соңғы жылдары айқындалған екі ағымның сипаттамасын жасап кетті; олар: а) лингвистикалық, б) көркем аударманы сөз өнерінің саласына жатқызатын көркем әдеби, эстетикалық ағым. Ол соңғыны дұрыс деп тапты. Бұл екі ағымның екеуі де адекваттық аударма жасауға болмайды деген қағиданы теріске шығарды. Қандай тілде

болса да елеусіз жатқан орасан зор тың күштер бар, сөз зергері ең нәзік деген сөз кестесінің ең шебер тоқылған өрнектерін адекват дәрежесіне жеткізе аудары алады. Ал аударма саласындағы көптеген міндеттер нақтылы түрде, түпнұсқаның түрлі қасиеттерін толық беру үшін аудармашы қолданған құрал-тәсілдерді зерттеумен анықталады, ол қасиеттерге интонация, ырғақ, образдылық (синонимдердің, идиомдардың, мақал-мәтелдердің, афоризмдердің түрліше астарларымен бірге) секілді элементтер жатады және бұған ұлттық форманың әр қилы өзгешеліктері тарихи сипаттары да келіп қосылады» деген болатын [2].

И.Д. Фрадкиннің «Аудармашы шығарманы бір тілден екінші тілге сол күйінде көшіріп апарып қоя салмайды; аударған туындысын ол өзінше интерпретацияға түсіреді... осы тұрғыдан алып қарағанда аудармашының шығармашылық еңбегі әдебиеттанушы мен сыншының еңбегіне жақынырақ тұр» деген пікірі де ой тосындығымен қызықты [3, 235-б.]. Ал А. Дейч кезінде «Литературная газетада» жарияланған (1966 ж. 24-ақпан) мақаласында «Бүгінгі таңдағы аудармашыдан оның биік өрелі лингвист, тарихшы, ақын болуы талап етіледі» деп жазған.

Араб поэзиясын қазақ тіліне аударудың арғы-бергі өткен жолын, ізденістерін саралау – ұлттың көркемдік ойдың бүгінгі биігін бағамдаудың, алда алар асуларын белгілеудің бір жолы. Бұл жолға талдау жасау арқылы тәржіманың халқымыз тарихында қандай орын алғанын ғана емес, сонымен бірге келешекте атқарар рөлінің де бөлекше болатынын көрсете аламыз.

Бүгінгі таңда аударма қазақ тіліне әлем әдебиетінің көрнекі шығармаларын аудару арқылы мемлекеттік тіліміздің мәртебесін асыруға ықпал жасай алады. Қазақ поэзия аудармасының мұндай кемелдікке келу кезеңін теориялық тұрғыдан тұжырымдай талдау оның келешектегі көркемдік көкжиегін кеңейту жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Көркем аударма, әсіресе поэзия аудармасы барысында мазмұнды, көркем бейнені, айқын суретті жеткізуде қаншалықты дәлме-дәл сәйкестілікке қол жеткізуге болатындығы қарастырылады. Араб поэзиясын қазақ тіліне аударумен айналысқан авторлардың ішінде профессорлар Әбсаттар Дербісәлі, Өтеген Күмісбаев сияқты тұлғаларды атап өтуге болады.

Араб ғылымында көркем аударма мен поэзия аудармасы мәселелерін зерттеуге арналған еңбектер қатарында Ж. Хаджардың араб және француз тілдеріндегі «Traite de Traduction» («Аударма жайлы трактат») еңбегін атап өтуге болады. Аталған еңбек, негізінен, белгілі араб риторикалық фигураларын, француз тілінде мәгінді көркемдеудегі қолданылатын стильдік құралдарды, сондай-ақ араб поэзиясын француз тіліне аударуға байланысты аздаған мәліметтерді қамтиды.

Өткен ғасырлардағы арқауы өзге, ең алдымен, араб, парсы, түркі тілдеріндегі шығармалардан алынып, негізінен, назира түрінде қазақшаға түсірілген қисса, дастандарды айтпағанда, жазба әдебиет берік орныққалы бері соңғы бір жарым ғасыр аясында қазақтың поэзия аудармасы мол қазына жинады. Әлем әдебиетіндегі атақты ақындардың әйгілі шығармалары туған тілімізге аударылып, сөз өнерінің қорына қосылды. Соңғы бір ғасырға жуық уақыт аясында бұл жұмыс мемлекеттік деңгейде атқарылып, жүйелі мақсатты сипат алды. Өлең аудармасына қазақ жырындағы таланттардың барлығы дерлік тартылып, аударма арқылы ұлттық поэзиямыздың көркемдік құралдары анағұрлым мольға түсті. Тарих пен тағдыр тоғыстырған орыс халқының төл поэзиясынан аударма жасау кең құлаш жайды. Орыс тілі арқылы сол тілге аударылған әлем, оның ішінде араб поэзиясының күні кешеге дейін бір елдің құрамында өмір сүрген, қазір де алуан ықпалдастықпен жалғасып жатқан мемлекеттің өлең-жырларының тандаулы үлгілері аударылуда. Тәржіменің түр-түрі шығып, туыстас түркі тілдерінен ғана емес, өзге топтардағы тілдерден де тікелей аудару тәжірибеге ене бастады. Бұл қазынаны мыңжылдықтар межесінде, ғасырлар айрығында талдап, таразылаудың әбден жөні бар.

Аударманың эстетикалық құндылығы мәтіннің өзінен толық таныла қалмайтыны, түптеп келгенде, оның бағасы рецепиенттің қалай қабыл алуына байланысты екендігі, ал мұның бәрінен бұрын қоғамдық сұранысқа тәуелділігі дәлелденеді. Қазақ тілінің сөз өнері араб тілінің сөз өнерінен еш қалыспайтындығын туған тіліміздің қабылдау қабілетінен көреміз. Мұның өзі тарихи тұрғыдан қысқа ғана кезең аралығында қазақ әдебиетінің қазынасына әлемдік классиканың, әсіресе араб поэзиясының інжу-маржандарын қосуға мүмкіндік берген басты факторлардың бірі екендігі көрсетіледі.

Көркем аударма, әсіресе поэзия аудармасы – мәдениетаралық байланыстың айқын көрінісі. Осындай мәдениетаралық байланысты жүзеге асыру үшін бірқатар шарттардың орындалуы қажет. Бірінші және міндетті түрде орындалуға тиісті шартқа аударманың сапалы, жоғары дәрежеде орындалуы жатады. Мұндай болмаған жағдайда автор қаншалықты талантты болса да, талап етілмейді, сондай-ақ сәйкесінше мәдени қарым-қатынас та орындалмайды. Екінші шартқа міндетті түрде автордың жеке тұлғасы, оның атақ-даңқы, тілдік ортадағы танымалдылығы, тартымдылығы, өз тіліндегі оқырманға ғана емес, сондай-ақ өзге тілді ұлт өкілдеріне де өзектілігі маңызды болып табылады [4].

Танымал аудармашы Михаил Лозинский басқа тілдегі өлеңдерді аудару барысында аудармашы оның барлық элементтерін ескеру қажет, сондай-ақ оның бұл жердегі мақсаты – ана тілінде сәйкесінше күрделі әрі жанды байланысты табу және ол барынша түпнұсқаға ұқсас және сол секілді эмоциялы болуы қажет. Осылайша, аудармашы автордың тілін, интонациясы мен ритмін қабылдаумен қатар өз тіліне деген адалдығын сақтай отырып, нағыз авторға айналу керек әрі белгілі әдеби шығарма аудармасының өзі осындай дәрежеде болуы тиіс.

С.Л. Сухарев-Мурышкиннің айтуынша, аудармашы түпнұсқа құрылымы мен аударма құрылымының арасында функционалды дәлділікті орнатуы қажет, астарында көркем тұтастық жататын пішін мен мазмұн бірлігін қайта қалыптастырады, яғни оқырманға автордың шығармашылық ойының кішігірім нюанстарын, түпнұсқада барынша нақты қалыптасып, өз шарықтау шегіне жете білген автордың құрастырған ойлары мен образдарын жеткізе білу.

М. Лозинский берген анықтама бойынша, өлең аудармасының 2 түрі бар:

1. Қайта қалыптастырушы (мазмұнды, пішінді)

2. Қайта құраушы, яғни мазмұн мен пішінді мүмкіндігінше толық әрі дәл етіп жеткізуші.

Екінші түр көбіне мүмкін болып табылады. Бірақ қажетті пішін табылмайынша, мазмұн бола алмайды.

Осылайша, өлең мәтіндерін құру тәсілдері, яғни оның пішінді құрылымы мен жалпы сипатын қарастыру біз үшін мүмкін болып табылады.

Өлең пішінін ритм, әуез, архитектурони-

ка, көркемдік-бейнелеуіш құралдар, сөздердің мағыналық, образдық, эмоциялық мазмұны мен ұйқасы секілді өзара байланысты, өзара іс-әрекет етуші элементтердің жүйесі құрайды.

Өлеңнің формалды құрылымы «поэзияның ең терең, ең күшті бастаушысы» болып саналатын ритмді қалыптастыруға негіз болады [5].

Аударманың өзіндік ерекшелігі ұлттық сөз өнерінің өрнегіне әсер ете алатынынан да танылады. Қазақ өлең құрылысы дегенде поэзиямыздың силлабикалық өлең жүйесіне, қарапайым тілмен айтқанда, бұрынғыға негізделетініне баса назар сала береміз. Қазақ өлеңі – буынға бағынған өлең. Бізде буын асып кетсе-ақ, кем қалса-ақ өлең ырғағынан айырылып, жолдан жаңылып шыға келеді. Ал араб өлең өлшемі «аруд» латын немесе грек өлеңі секілді квантитативті. Бұл созылыңқы дауыстылардың әрқилы ауысып келуі деген сөз. Қысқа және созылыңқы буындар жиылып бунақ құраса, ал екі және үш бунақ жарты өлең (тармақ) түзеді, ал екі жарты өлең міндетті түрде үзілістік арақатынаспен бөлініп бәйіт деп аталатын өлең құрайды.

И.М. Фильштинский созылыңқы және қысқа буындардың ауысып келуіне тікелей байланысты араб поэзиясында он алты өлең өлшемі бар екенін айтады да «Араб филологтары бұл өлшемдерді көшпелі бәдәуилердің көлігі болған түйенің жүру ырғағына байланысты туған» деген жорамал айтады.

Араб поэзиясы төмендегідей өлең өлшемдерінен тұрады. Олар: тауил («ұзақ», «созылыңқы»), басит («кең», «мол»), камил («толық»), рамал («жүгіргіш»), хафиф («жеңіл»), мутақариб («із тастаушы»), уафир («мол»), мадид («ұзын»), хазадж («тарсыл»), раджаз («көркемдеу», «тақпақтау»), сари («жай»), мунсарих («еркін», «бос»), мударид («мударлық»), муктадаб («қысқа»), мутадари («толассыз»). Бәдәуи ақындары осылардың ішінен салмақты да салтанатты деп есептелінген тауил мен баситті көп пайдаланған.

Классикалық араб өлеңдері, негізінен, мономим. Сондықтан да олар көбінесе ұйқас атымен (мысалы, барлық өлең жолдары дауыссыз «ләм»-ге бітсе «ләмийа») аталатын болған [6].

Күні бүгінге дейін қолданылып жүрген қасыданың (көлемі кішігірім поэма) іргетасы исламға дейінгі кезеңде қаланған. Әдетте елу немесе жүз бәйіттен тұрады. Ол кезде, сондай-ақ белгілі бір тақырыпты сөз ететін құрылысы

қарапайым жеті-он өлеңнен ғана құралған қыта'а деп аталған өлең де болған. Қыта'а қасыданың бір бөлімі немесе жеке туынды ретінде де өмір сүрген».

Интонацияның қандайлық нәзік нәрсе екендігіне назар аудармаған әдебиетші кемде-кем. Көп мәселе шығарманың жалпы ауанын дәл ұстауға байланысты. Альфред Курелла Науаи жырларын қалай аударғанын былай еске алады. «Мен көпқабатты» жолма-жол аударма жасап берулерін сұрадым, сын есім, зат есім, етістіктердің әрқайсысының тұсына бірнеше синоним жазып қойғандарын қаладым. Егер сондай арнаулы қағаз болса, мен, тіпті, өлеңнің қалай естілетінін де жаздыртып алар едім. Әйтсе де мен басқа тәсілге көштім. Белгілі өзбек ақыны Ғафур Ғұламның үйіне бардым, ол маған өзбекше түпнұсқаның музыкасын, оның үндестілігін сезінуім үшін бірнеше сағат бойы Науаи жырларын оқып берді. Мұнан кейін мен ақын өмір сүрген дәуірді зерттедім, оның жырларына салынған суреттерді жинастырдым, басқа да құжаттарға көз жүгірттім, сөйтіп, түпнұсқаның мәніне біршама терең үңіле алдым» [4]. Араб классикасының туындыларын аудару барысында біздің ақындарымыз осындай ізденіске бара ма? Барады. Мысалы, бәдәуи ақыны әл-Мухалхилдің інісі Кулейб өліміне байланысты жазылған элегиясын профессор Ә. Дербісәлі былай аударды:

Кулейб! Бұл фани дүниеден сен кеткелі,
Өлең етерлік ештеңе де қалмады.
Кулейб! Қандай жомарт, жаужүрек бір жан еді,
Енді тастың астында мәңгілікке көз жұмды.
Шыңғыра жылаған дауысты естігенде мен:
«Қараңдар, Тау мүжілді, табан астым құз», – дедім.
Кім еске алар дарқандығын, айтыңдаршы адамдар,
Ол ақыл мен өр мінезді ұштастырған жан еді.
Қонағына ол малының союшы еді семізін,
Достарына сыйлаушы еді үйір-үйір түйені.
Жасақтарын жауға бастап шыққанда ол ұрандап,
Арғымақтар тұяғынан сілкінетін жер дағы.
Соңында оның жүретінді найзакештер ұрандап,
Шабуылынан соң жататын-ды жер жастанып жаулары.

Араб ақыны әл-Мухалхилдің жыры қазақ тіліне көркем шеберлікпен аударылған. Ең бастысы, аудармашы өлеңнің интонациясын дәл ұстаған.

Интонацияны табу үшін түпнұсқаның өлең өлшемін сақтау, тіпті де шарт емес. Ең бастысы – оның ырғақтық-интонациялық бейне

құралдарына сәйкес келетіндей өлшемдер ұстай алуы.

Арабтың классикалық әдебиетіндегі образдар жүйесін зерттеуші Б.Я. Шидфар көне араб қасидаларында сюжеттік қайталамалардың стереотиптік қасиетіне айрықша назар аударады. Сол кезеңдегі ақындарға тән басты тақырыптар:

1. Ғашығының көшіп кеткені.
2. Ғашығымен кездескені.
3. Сахарадағы жол.
4. Аң, құс, табиғат, жан-жануар, өсімдік, т.б. сипаттары.
5. «Ажыратушы қарға» образы.
6. Өзін-өзі және өз тайпасын мақтауы мен карама-қарсы жақты даттауы.
7. Ішімдік өлеңдері.
8. Өлген батырды жоқтауы.
9. Қарсы тайпаға шабуыл жасап, соғысуы.
10. Кек алу кез келген қасидаларға ортақ сюжет болады [7,142-б.].

Араб қасыдасы іс-қимылдардың дамуы емес, ол – суреттеудегі бейнелердің кезектесуімен қатар бір-бірімен байланысқан бүтіндей мәні бар образдар жүйесі. Көне араб тілі бейнелілікпен еркешеленеді, ол әлемнің статикалық бейнесінің қандай да бір бөлігін таңғаларлық анық және тірілте көрсетеді, бірақ оның өзіне тән бір байланысы бар, ол әлемнің әрбір бөлігін сезініп, түсініп, бірыңғай деңгейде көреді, оған оның барлық бөлігі тең және маңызды. Араб поэзиясы тіліндегі бейнелеу құралдары мен тәсілдерін саралау, олардың табиғатын танып-білу мәселесі араб тіл мәдениетіне тікелей қатысты екені белгілі. Араб шешендері мен ақындары өз шығармаларының көркемдігін, тілдік қуатын арттыру, стильдік мүмкіндігін кеңейту мақсатында ақиқаттан мәжәзға, яғни тура мағынадан ауыспалы мағынаға көшкен, әрқайсысы жаңа амалды, жаңа тіркесті ойлап табуға, метафораны кең қолдануға ұмтылған. Бейнелі сөздер арқасында әрбір ұлттың өзіне тән сөйлеу жүйесін, образды, астарлы сөз қолданысын байқаймыз. Әрбір халықтың дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігіне лайықты ұғым-түсінігі негізінде қалыптасқан бейнелі сөздер әрбір ұлт тілінің көркемдік деңгейінің көрсеткіші бола алады [8, 215-б.].

Аударма арқылы өлең құрылысының өзгеріске түсуі де қызғылықты тақырыптардың бірі. Шығарманың уәзінін сақтау – поэзия аудармашысының шын шеберлігін көрсететін

басты белгілердің қатарында қарастырылуға тиіс.

Бірқатар ақындардың өзі жақсы білетін тілдерден, әсіресе туыстас тілдерден тәржімелеуі бұл жолдың даусыз артықшылығын тағы да таныта түседі. Сонымен қатар батыс, шығыс поэзиясы маржандарының арадағы орыс тілі арқылы аударылған сәттері де біздің аударма өнерімізде өте жиі кездеседі. Аудармадан аудару тек қазақ аударма өнеріне тән емес, әрине. Сан түрлі себептерге байланысты бұл әдіс талайдан қолданылып келеді.

Қазақстан Республикасында үш тілділік тұғырнаамасы мемлекеттік саясат деңгейіне көтеріліп, ел халқының үш тілді – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар игеруі адамзат жасаған білім мен мәдениет қазынасына еркін қол жеткізудің, ұлт ретінде шынығып-шираудың, қазақ елінің әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына қосылуының бір шарты деп қарастырылып отырған бүгінгі таңда аударма, шын мәнінде, жас мемлекетіміздің жаңа ғасыр сынақтарына лайықты төтеп беруінің бір тетігі.

Елдің бәсекеге қабілеттілігінің бір шарты – тілдің бәсекеге қабілеттілігі. Өркениетті дүниенің додасына өз тілімен өмір сүре алатын ұлт қана қаймықпай түсе алады. Тілдің бәсекеге қабілеттілігінің нақты көрінісі – мына дүниедегі барша құбылысты айқын айта алатындығы.

Әсіресе жаһан жырының жауһарларын жарқырата жеткізе білетіндігі. Демек, араб-қазақ поэзия аудармасының уақыттың ұлы сынына түсер шағы әлі алда. Сан ғасырлық тарихында ғажайып қазына қалыптастырған қазақ-араб тілдерінің бұл сыннан да абыроймен өтері кәміл.

Әдебиеттер

1 Киндикова Н.М. Алтайская лирика. Этноэстетический генезис, поэтика, искусство перевода: автореф. – Горно-Алтайск, 2001

2 Қаратаев М. Жалпы адамзат мәдениетінің жаршысы // Жұлдыз. – №1. – 1970.

3 Фрадкин И. Вопросы литературы. – №5. – 1961.

4 Абдрахманов С. Өлең аудармасының теориясы мен поэтикасы: автореф. – Алматы, 2007. – 284 б.

5 Дербісәлиев Ә. Араб әдебиеті. Классикалық дәуір. – Алматы, 1982.

6 Шидфар В.Я. Образная система арабской классической литературы (6- 11вв.) – М.: Наука, 1974. – 254 с.

7 حسن خميس المليجي. الأدب والنصوص لغير الناطقين بالعربية. الرياض: مطبع جامعة الملك سعود. 1995. ص349

Р.С. Кожабекова

Проблемы переводов арабской поэзии

Статья рассматривает пути развития перевода арабской поэзии на казахский язык, исследование проблем, связанных с переводом – это своего рода развитие художественного мышления нации сегодня и в последующем будущем.

Ключевые слова: Арабская поэзия, перевод поэтических произведений, художественный перевод.

R.S. Kozhabekova

The problems of translating arabic poetry

The article examines ways of promoting translations of Arabic poetry into Kazakh, exploring issues related to the transfer - a kind of creative thinking development of nations today and in the future.

Keywords: the Arabic poetry, translation of poetic works, artistic translation.